



Баспасөз хабарламасы

Төтенше жағдай кезінде тау-кен металлургия кешені кәсіпорындарын қолдау шаралары әзірленуде

«Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындары республикалық қауымдастығы» ЗТБ (ТМКК) саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметімен, «Атамекен» ҰКП-мен, бизнес-қоғамдастығымен, салалық кәсіподақтармен бірлесіп, белсенді жұмыс жүргізуде.

ТМКК шеңберінде шұғыл ден қтю Штабы құрылды, on-line режимінде ең өзекті мәселелер талқылануда, саланы одан әрі қолдау, өндірістік процестерге қатысатын жұмыскерлердің қауіпсіздігін тиісінше қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдануда.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Қатты пайдалы қазбалардың жер қойнауын пайдаланушыларының және олардың мердігерлерінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді арнайы тәртіп бойынша сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша бұйрыққа қол қоюы бірлескен жұмыстың нәтижесі болды.

Мәселен, арнайы тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдаланушыларға бір көзден:

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы берген СТ-KZ нысанындағы тауардың шығу тегі сертификатты немесе Индустриялық сертификатты ұсыну немесе «Қазақстандық қамту» интернет-порталы ақпараттық жүйесінде орналастыру шартымен Қазақстанда шығарылған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер,

егер мұндай тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмесе, шетелдік сатып алу құқығы берілді

Бұл тәртіп төтенше жағдай кезеңінде ғана әрекет ететін болады және жер қойнауын пайдаланушылар өндірісінің тоқтатылуына және көлемін төмендетуге, сондай-ақ өндірістік процестерге тартылған қызметкерлердің қауіпсіздігін тиісінше қамтамасыз етуге жол бермеуге бағытталған. Көрсетілген санаттарға жатпайтын барлық өзге сатып алулар бұрын қолданылып жүрген нормалар бойынша жүзеге асырылатын болады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін отандық тауар, жұмыс және қызмет өндірушілердің тізімі «Қазақстандық қамту» интернет-порталында «ТЖКҚ және олардың жеткізушілерінің дерекқоры» модулінде орналастырылған (www.ks.gov.kz).

Отандық өндірушілердің тізімін өзектендіру тұрақты негізде жүзеге асырылатын болады.

ТМКҚ туралы

«Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындары республикалық қауымдастығы» ЗТБ 2005 жылы Қазақстан Республикасының тау-кен секторы кәсіпорындарының бастамасымен құрылды. Бүгінде ТМКҚ Қазақстанның ірі салалық бірлестігі болып табылады, оның құрамына қара және түсті металлургия, уран және көмір өнеркәсібі саласының 100-ден астам компаниялары кіреді.

Қауымдастық Ұлттық кәсіпкерлер палатасында, сондай-ақ 10 министрлік пен ведомстволарда аккредитацияланған, негізгі жұмыс топтарының құрамына саланың бірден-бір өкілі ретінде кіреді және онда жұмыс берушінің әлеуметтік әріптестік процесіндегі өкілі ретінде әрекет етеді.

Пресс служба АГМП

T: +7 (7172) 689 601

F: +7 (7172) 689 602

M: +7 7057556979

E: rysty.alibekova@agmp.kz

г. Нур-Султан, ул. Д. Кунаева 12/1

www.agmp.kz

